

АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Қазақы қалпымызды сақтасақ...



Ешкім де мәңгілік емес. Адам баласы жарық дүниеге қонақ. Қай күні дәм-тұзы таусыларын да білмейді. Бақиға аттанған кісінің жаназасы оқылып, ағайын-туысы мен ұрпағы жылап-сықтап, соңғы сапарға шығарып салатыны белгілі. Содан кейін қаралы үй өзгелерден қалмау үшін намысқа тырысып, үлкен мейрамханаларды жалдап, дастарқанға бәрін қоюға тырысады.

Ас беру мәдениеті керек

Ең алдымен, сойысқа мал іздеп шабылады. Анау-мынау емес, қоңы келісті жылқы сатып алуға ұмтылады. Оның құны қазір бағымына қарай бір миллионға жуықтап қалатыны ешкімнен де жасырын емес. Оған қалтасы қалың, кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтар болмаса, қатардағы зейнетақыға немесе жалғыз жалақыға қарап отырған отбасылардың шамашарқы жете бермейді. Негізінде, «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген сөз босқа айтылмаған. Өзгелерден қалғысы келмеген адамдар амалсыздан қарызданады, банктерден пайызы жоғары несие алып, оны жылдар бойы төлеп жатады.

Жиналған қауымға жайылатын дастарқанға жоғарыда аталған құдайы асқа сойылған етпен қоса, тоқаштар мен бауырсақтар, кептірілген жемістер, тәттілер, минералды сусындар тізіліп қойылады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен «Ас беру мәдениеті» құжатында ысырапқа жол бермеу туралы жан-жақты айтылған. Қасиетті Құранда: «...Ішіндер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді сүймейді», – деп ескертсе, кезінде Пайғамбарымыз (с. а. с.): «Жеңдер, ішіндер, садақа беріңдер және киініңдер, бірақ ысырапшылдық пен дандайсұға жол бермеңдер», – деген. Түсінген адамға осы келтірілген ұлағатты мысалдардың астарында үлкен мән жатыр. Қазіргі таңда жоғарыда

қозғалған пәтуаны ел бойынша бір ізге түсіру үшін аз жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Алайда әлі де болса кейбір жерлерде бұрыннан қалыптасқан жайлар қалмай келе жатқаны өкінішті. Бұл да өте ойланарлықтай. Тағы бір жұдырықтай жұмылып, барша бауырымыз қолға алатын өзекті мәселе марқұмның жаназасы өтпес бұрын берілетін қонақасы да астамшылық сияқты. Ол кейбір аймақтарда шілдехана деп аталып та жүр. Мұнда да халықтың шамасы келсін-келмесін мейрамханада кемінде 100–300 адамға аста-төк дастарқан жайылады. Шындығына келсек, бұл да қайғыдан қара жамылып отырған шаңырақ иелеріне үлкен қаржылық шығын. Дәл осыдан дүниеден өткен кісіге келер ешқандай да сауап жоқ. Өйткені Құран оқылмайды.

Қонақасыға асаба да шақырылып, жиналғандар сөз сөйлеп жатады. Сөз демекші, марқұмға арналған жаназа шығару, жетісін, қырқын, жылын беру астары жиналысқа айналып кететін кездер де баршылық. Себебі уақытты да бағалай білген жөн. Сондықтан мұндай жиындарда Құран оқылып, қадірменді ақсақалдар бата берсе жеткілікті.

Шындығына келсек, қайтыс болған кісінің үйінде үш күнге дейін қазан көтеріліп, ас берілмеуге тиіс. Мұндайда тек алыс-жақыннан келген туыстарға көрші-көлем үйлерінде тамақ әзірлеп, шақырып жататынын бала кезден көрін өстік.

Әдетте марқұмның денесін жерлеуден бір күн бұрын мәйітханадан үйіне әкеліп түнетеді. Үлкен кісілер оны күзетеді. Осы арада бір айтып кетер әрі қынжытарлық жай, сонда жиналғандардың кейбіреуі орынсыз әзіл-қалжың айтып, үй иелерінің шамына тиіп жатады. Мұндай дарақылық пен келеңсіздікке ешқашан да жол беруге болмайды. Ешкімге абырой әпермейтін ысырапшылдыққа салынбас үшін, мүмкіндік болса, садақаны жетім-жесірге, күнкөрісі төмен отбасыларға қайырымдылық көмек ретінде берсе, оның сауабы да мол.

Ата-анаға қамқорлықтың жөні бөлек

Осынау жанымды жай таптырмай жүрген мәселе де еліміздегі барша жұртшылыққа әбден таныс. Әрі ол жылдан-жылға қарқын алмаса, бәсеңдейтін түрі жоқ. Бұл, әрине, дүниеден өткен кісіге зират көтеру жөнінде. Нанбасаңыз, кез келген үлкен қалалар мен облыс, аудан, ауылдық жерлердегі зираттарға жолыңыз түссе, бірден сіздің назарыңызға алыстан ақ мәрмәрдан немесе қызыл кірпіштен тұрғызылған бейіттер түседі.

Сөздің орайы келгенде, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен «Зират және зиярат мәдениеті» туралы ережеге сүйенетін болсақ, қайтыс болған кісіге зәулім ескерткіш пен биік күмбез, кірпіштен қоршау тұрғызу міндетті емес. Бұл да астамшылық пен асыра сілтеушіліктің бір көрінісі іспетті. Тек қана қабірге жерлеген адамның кім екенін айқындау және жүргіншілер тарапынан тапталып, аяқ асты болмауы үшін шағын белгі немесе құлпытас орнатылса болғаны. Әлгіндей құлпытасқа марқұмның суретін салуға да рұқсат етілмейді. Мұны да әрбір мұсылман бауырымыз білгені абзал.

Бұл орайда, туыстас, яғни түріктілдес бауырларымыздан алар өнегеміз

жетерлік. Мен ауылы аралас, қойы қоралас жатқан өзбек ағайындардың астанасы Ташкенттегі зиратта болдым. Онда бәрі де бір ізге түсірілген. Қабірлердегі көктаста марқұмның аты-жөні ғана жазылған. Көзге оғаш көрінетін ештеңе байқалмайды. Мұндағы айтайын дегенім, мәйітті жерлегенде де оларға үлкен құрметпен қарап, соңғы сапарға ақ жуып, арулап, жөн-жосығымен шығарып салған жөн. Ең абзалы, ата-анаңа қамқорлықты, ілтипатты тірі кезінде жасаған дұрыс. Олар бақилық болған соң жасандылықпен, көзбояушылықпен айналысудың бір тиын да құны жоқ. Әке-шешені тиетіні тек қана Құран.

Қажылық – саяхат емес

Қажылық – мұсылманның бес парызының бірі екені баршаға аян. Егер мүмкіндігі бар әрбір мұсылман ғұмырында бір рет қажылық сапарға аттанып, өзінің парызын өтесе құба-құп. Бұрын біздің ата-бабамыз қажылыққа жол азабын тартып, жаяулап, жалпылап баратын болған. Тіпті кейбіреулер сол сапарда қайтыс болуды сауап көрген. Қазақ елі өз алдына тәуелсіз мемлекет аталғалы бері Мекке, Мединаға жол ашылып, қажылыққа баратын бауырларымыздың саны жылдан-жылға артып келеді. Қаншама компаниялар осы сапарды ұйымдастырып, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жатыр. Әрине, көпшілікке топырақ шашудан мүлде аулақпын. Олардың арасында үлкен сапардан оралған соң жастармен кездесіп, алған әсерлерін бөлісіп жүргендері де аз емес. Осындай парызын өтеген қажылардың киім-киісіне, жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне, елі мен халқына жасап жатқан қызметіне еріксіз сүйсінесіз.

Алайда олардың бәрі бірдей дей алмаймыз. Орынсыз тәкаппарлыққа салынып, көпшіліктің алдында «менің орным төр» деп өзгелерден ерекшеленіп жататындар да бар екенін естиміз. Міне, осындайлар «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, басқаларға салқынын тигізеді. Бұл мәселені де Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тұрақты назарда ұстайды. Осы ретте қабылданған «Қажының рухани келбеті» тұғырнамасының орны бөлек. Онда әрбір қажының мақсаты мен міндеті нақты айқындалған. Қажы деген атаққа лайық және мәдениетті болу, сондай-ақ бес уақыт намазын тастамау, мұсылманға тән әдепті сақтау мен басқа да үлгілі жайлар қамтылған. Тек қажылықты саяхатқа айналдырып, оның құны мен беделін түсіріп алмасак екен. Әрине, жағдайы барлар жиі барады. Бірақ гәп санда емес, сапада.

Ұзын сөздің қысқасы, ысырапшылдыққа жол бермеу, бейіт басына ескерткіш тұрғызу ережелерін сақтау, қажы деген атқа кір келтірмеу жайы бір-біріне тығыз байланысты. Ислам діні тек қана ізгілікке, бауырмалдыққа, адамзатқа деген құрмет пен сыйластыққа бағытталғанын берік есте сақтайық.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, жылдар алға жылжыған сайын заманның өркениет талабы өзгеріп, ата-бабамыздан келе жатқан ізгі салт-дәстүріміз жаңғырып жанаруда. Біз де соған дер кезінде бейімделіп, рухани жан дүниемізде сілкініс жасауымыз қажет.

Оразалы Жақсанов